

Лекция № 14. Еуразиялық және аймақтық интеграцияға қатысты геофилософиялық талдау

Лекция мақсаты: Бұл лекцияда елдер тәуелсіздік алғаннан кейінгі Орталық Азиядағы интеграциялық үдерістер тарихының хронологиясына және аймақтық ынтымақтастықтағы соңғы оқиғаларды (Өзбекстан мен Қазақстанда билік ауысқаннан кейін) зерделеуге негізделген, бүгінгі таңда іргетасы нығаюына кедергі келтіретін себептерге тоқталады. Аймақтың біртұтас экономикалық және саяси одаққа бірігу мәселелері қарастырылады.

Лекция жоспары:

- 1 Теориялық тұрғыдағы еуразиялық экономикалық интеграциясы
- 2 Еуразиялық одақтың экономикалық құндылықтары
- 3 Еуразиялық одақтың Қазақстан үшін саяси тиімді және зиянды жақтары

«Еуразия» ұғымы халықаралық саясаттағы маңызды геосаяси терминге айналды. Еуразиялық одақтың құрылуы жаһандағы маңызды геосаяси, экономикалық және геомәдени бетбұрыстардың болып жатқанын көрсетеді. Еуразияны әрбір мемлекет өз мүддесі тұрғысынан түсінеді. Ресей Еуразияны қалай түсінеді? Еуразия туралы Ресейде қалыптасқан түсініктер Қазақстанның саясатына қаншалықты әсер етті? Қазақстанның мүдделері тұрғысынан Еуразия одағының қандай геосаяси пайдалары мен қауіп-қатерлерін айтуға болады? Еуразиялық бірлесу жобасының философиялық мәні неде? Мақалада осындай күрделі сұрақтарға жауаптар іздеуге тырыстық.

Еуразияның геосаяси маңыздылығын түсіну үшін геосаясат теоретиктерінің бірі Хэлфорд Макиндердің heartland, яғни «жердің жүрегі» теориясына назар аудару қажет. Ол теория бойынша, кез келген мемлекеттің ең стратегиялық маңызды аймағы оның орталығында орналасады. Макиндердің пікірінше, дүниежүзінде ықпал жүргізу үшін Еуразия құрлығында, ал Еуразияда ықпалды болу үшін сол құрлықтың ортасында басымдыққа ие болу шарт. Расында, бұл теория Ресейге де, Орталық Азияға да қатысты.

Орталық Азия кіндік аймақта орналасқандықтан шынайы геосаясаттың нысанасына айналып отыр. Бұл атлантистік теорияның баламасы түрінде еуразияшылдық қалыптасты. Бұл геосаяси текетірес Ресей мен Ұлыбритания арасындағы «Үлкен ойын» кезінде де, КСРО мен АҚШ арасындағы «Қырғи-қабақ соғысы» кезінде де көзге көрінді.

1920 жылы Ресейде пайда болған еуразияшылдық ағымы еуропацентризмге, атлантизмге қарсы реакция түрінде славяншылдықтан бөлініп, орыстар мен азиялықтардың тарихигеографиялық жақындығына негізделген бөлек теорияға айналды.

Бұл теория Ресейдің Еуропаға жатпайтынын, Еуропа мен Азияның көп бөлігін қамтитын бөлек геомәдени кеңістік екенін меңзеді. Бұл теория «орыс идеясының» геосаяси қалыбы еді.

Яғни Еуразия түсінігі Ресей үшін «құрлық-мемлекет» дегенге саяды. Еуразияшылдық – Ресейдің мол табиғи ресурстарын, құрлықтағы геосаяси ұстанымын қорғау рефлексінен туындаған теория. Еуразияшылдар орыс мәдениетінің универсалдығына, оның еуроазиялық сипатына сенді. Еуразияшылдар орыс және тұран халықтарына құрлықты сезіну сияқты ортақ дүниесезім тән дегенді алға тартты.

Еуразияшылдықты орыс тарихының негіздері құрайды.

Л. Гумилев еуразияшылдықты жаңғыртып, әрі қарай дамыта түсті. Егер еуразияшылдық Ресей патшалығының күйреуіне деген реакция болса, жаңа еуразияшылдық КСРО-ның ыдырауына, күрделі геосаяси-экономикалық жағдайға жауап ретінде пайда болды. Еуразиялық одақ пост-кеңестік елдердің жаңа қауіп-қатерлерге бірлесе жауап беруге деген ұмтылысы.

Л. Гумилевтің еуразияшыл ойлары Н.Ә. Назарбаевтың тарихи-саяси көзқарастарына едәуір әсер етіп, Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі бағытына айналды. Елбасы кеңестік экономиканың құрылымы мен жағдайын жақсы білгендіктен 1990 жылдарда-ақ шашыраған пост-кеңестік экономикаларды қайтадан біріктірудің амалдарын іздеді. Өйткені Қазақстанның экономикасы Ресей сияқты кеңестік елдермен ажырамастай тығыз байланыста әрі өзара кіріккен еді. Республикалар арасындағы өндірістік байланыстардың үзіліп қалуы үлкен экономикалық, әлеуметтік-саяси күйзелістерге алып келді.

Бір кездері жаһандық мемлекет болған КСРО-дағы аймақаралық байланыстардың бірден жойылуы мүмкін емес еді. КСРО сияқты күрделі құбылыс өз инерциясын, энергиясын қалдырды. Бұл – табиғи физикалық үрдіс. Яғни теориялық тұрғыдан пост-кеңестік елдер ортақ тарихи-мәдени, қоғам-саяси құндылықтарға сүйене отырып, экономикалық мақсатта бірлесе алады.

Еуразиялық одақтың құрылуы КСРОның саяси ыдырауынан кейін пайда болған идеологиялық бостықтың орнын толтыруға, мемлекетаралық индустриалды-экономикалық қатынастардың үзілуінің келеңсіз салдарларын жұмсартуға және ұлтаралық-еларалық қатынастарды нығайтуға бағытталды.

Кез келген интеграциялық одақ белгілі саяси-экономикалық құндылықтарға сүйенеді. Теориялық тұрғыда еуразиялық экономикалық интеграция нарық, теңдік және тиімділік сияқты экономикалық құндылықтар негізінде қалыптасады. Сонда ғана ықшамды, жаңашыл және динамикалық одақ құрылуы мүмкін. Яғни интеграцияның принциптері мен ережелері әділ негіздерге сүйенуі тиіс. Еуразиялық одақ еуропалық одақтың интеграциялық үлгісін негізге алып отыр. Не десек те, интеграцияның баяндылығы бірінші кезекте Мәскеудің стратегиялық ниетіне, одақты саясиландырмай экономикаға көңіл бөлуіне, мүшеелдердің ұлттық мүдделерін сақтауына, теңдік пен әділдікті қамтамасыз етуіне байланысты

болмақ. Италиян саясаттанушысы Фабрицио Вьелминидің ойынша, еуразиялық одақтың келешегі Ресейге байланысты болмақ.

Еуразиялық интеграцияның ядросы – Ресей. Қазақстан Ресеймен экономикалық түрде тығыз ынтымақтасып, бәсекелестікке үйренуде. Ресей мен Қазақстанның энергетикалық бәсекелестігін жұмсартуға күш салынууда. Ресей екінші санаттағы держава ретінде өзгеру, қайта бағалау, даму үстінде. Мәскеу жаңа жағдайға бейімделіп, теңдік пен өзара тиімділік принциптеріне сәйкес жұмыс істеуді үйренуде. Қазақстан кеңестік комплекстерінен құтылуы керек.

Интеграция шеңберінде Ресей, ең алдымен, өз мүдделерін қорғап жатқаны белгілі. Интеграцияда Ресеймен әділ де ашық қатынас орнату ғана өз жемісін береді. Қазақстан экономикалық интеграцияны стратегиялық мүдделері мен геосаясат тұрғысынан бағалауы тиіс. Егер еуразиялық одақтан Қазақстан шығып кетсе, одақ еуразиялық сипатынан айырылып қалады. Қазақстан одақтың ерекше компоненті ретінде жаңа идея ұсынуы қажет. Егер бұл одақ расында «инновациялық жоба» болса, онда Қазақстанмен бірге Ресей де өзгеруге мәжбүр. Одақ аясында Қазақстан Ресейдің өзгеруіне себепкер болуы ықтимал. Еуразиялық одақтың экономикалық құндылықтарының қалыптаспағаны оның келешегінің жоқтығын білдірмейді. Әрине, бұл интеграцияны идеалдандырмаған жөн. Бұл интеграция уақытша жоба болуы да мүмкін.

Интеграцияның қауіпсіздік аспектілеріне келсек, Қытайдың Орталық Азияға экономикалық саяси ықпалын арттыруы, сырттан халықаралық лаңкестік пен діни экстремизмнің қысым көрсетуі, кейбір пост-кеңестік елдерде саяси дағдарыстар мен тұрақсыздықтардың белең алуы сияқты себептер Астананың Ресеймен тығыз саяси-әскери-экономикалық ынтымақтасуына түрткі болды. Сарапшы Жемил Ертемнің пікірінше, 2008 жылғы Гүржістандағы соғыс Қазақстанның еуразиялық одаққа кіруін жылдамдатқан. Саясаттанушы Пиер Руссленнің ойынша, Қытайдың Орталық Азиядағы ықпалының артуына байланысты Ресей одақты құруды жеделдетті. Оның ойынша, интеграция аймақтағы елдердің дамуына жаңа серпін, жаңа сипат береді. Тағы бір шетелдік сарапшы еуразиялық интеграция Қытайдың батысқа, Еуропаның шығысқа қарай ілгерілеуін тоқтату үшін Ресей үшін тиімді делінген. Десек те Қытай Қазақстан мен Орталық Азияның институционалды дамуына өз үлесін қосуда. Геосаяси еуразияшылдық Ресейдің маңайына топтасқан стратегиялық блоктың континенталды конфигурациясы деуге болады.

Әзірше еуразиялық интеграцияның мүше елдерге нақты не беретінін Мәскеудің өзі білмейді. Ресей интеграцияның ядросы ретінде кейбір пост-кеңестік елдердің сенімсіздігін туғызды. Одақтың келешегіне келгенде мүше елдерде де, мүшеліктен үміткер елдерде де белгісіздік, тіпті, мазасыздық байқалады. Ұлтүсті органдарды құрудың әзірше мүмкін еместігі, күрделі қайшылықтардың болуы, одақтастар әлеуетінің теңсіздігі, ең бастысы, Ресейдің өзі ешкіммен тең қатынас жасап көрмегені интеграцияның келешегін белгілеп тұр. Мәскеу үшін ұлтүсті өкілетті орган құрумен қатар

мүше елдердің теңқұқылығын қамтамасыз ету сияқты екіұшты мәселе тұр. Өйткені әрбір мемлекет үшін саяси тәуелсіздік – өте сезімтал мәселе. Еуропалық одақтың негізін теңдік, демократия мен әділет идеалдарының құрағанын ескерсек, еуразиялық интеграция соларға қаншалықты ұқсас деген сұрақты тікесінен қою керек.

Қазақстанның еуразиялық одаққа қосылуының келесі тиімді жақтары мен себептері бар. Қазақстанның Ресей экономикасымен күрделі байланыстылығы, ішкі саяси тұрақтылық пен геосаяси қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуі, ортақ әуе қорғаныс жүйесі, Ресей нарқына кіріп, экономикалық бәсекелестікке бейімделудің мүмкіндіктері, Ресеймен бірге болып, әлемдегі ықпалы мен атағын арттырудың мүмкіндігі, т.б. Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс та интеграциялық үдерісті жеделдетті. Қазақстан маңайындағы геосаяси, әлеуметтік-саяси және экономикалық ахуалды жалғыз өзі жақсарта алмайтындықтан Ресейдің қолдауына мұқтаж.

Қазақстан үшін еуразиялық одақтың мүмкін қауіп-қатерлеріне келсек, экономикалық интеграцияның саяси және ұлтүсті өлшемдерге өту қаупі, одақтың саясилануы, Ресейдің өндірісі мен компанияларының Қазақстан нарығына салмақ түсіруі, бағалардың Ресейдегі бағалармен теңескендігі, Ресей дипломаттарының келіссөздердегі кәсіби басымдылығы, ұлтшылдықтың күшейіп, анти-интеграциялық көңіл-күйді қамшылауы, Ресейдің мәдени-ақпараттық ықпалының күшейе түсуі, Батыстың назарында Қазақстанның ресейшіл болып көрінуі, кәсіпкерлерге жасанды кедендік кедергілер жасалып, елдің өндірісінің тұншықтырылуы қаупі жатады.

Ресей ірі экономикасы, өндірісі, салыстырмалы түрде дамыған технологиясы, державалық өткені, дипломатиясы, ақпараттық және барлау саясатының арқасында одақты басқару, ұйымдастыру, шешім қабылдау, стратегиялар әзірлеу, институционализация сияқты мәселелерде басты рөл атқарады.

Еуразиялық одақтың Қазақстан үшін саяси тиімді және зиянды жақтарын салыстырсақ, әзірше артықшылықтары басым. Өйткені саяси элита мен ішкі тұрақтылық үшін интеграция тиімді. Қазақстанның геосаяси тұрақтылық жағдайында күшеюі үшін Ресеймен бірге болған жөн. Елдің болашағына келсек, Ресеймен ынтымақтаса отырып, онымен экономикалық бәсекелесіп, ысылып, дүниежүзілік бәсекелестікке дайын, қуатты Қазақ мемлекетін қалыптастыру қажет. Ал бұл мақсатты орындау үшін Ресеймен жақсы болу бірінші шарт. Қазақстан өзінің геосаяси айналасына дұрыс баға беріп отыр. Ресеймен бірлесудің өзі геосаяси жетістік. Үлкен саясатта дөрекі қадамдар жасаудың орнына байыпты саясат жүргізген жөн. Әрине, Қазақстанның Еуразиялық одаққа енуі үлкен саясат пен үлкен экономика. Саясат экономикадан құралады. «Алдымен, экономика, саясат кейін» принципі бойынша еуразиялық интеграция, алдымен, экономикалық, кейін саяси одақ болып кетіп жүрмесе болды.

Қазақстанның интеграциялық таңдауына еліміздегі славян халықтарының демографиялық үлесі де септігін тигізді. Бұл одақ халықтық сипаттан гөрі, саяси элиталардың келісіміне негізделген. Әрине, одақты

идеалдандырудың, оны қасиетті санаудың қажеті жоқ. Одақты экономикалық мағынада ғана түсіну керек. Одақ пост-тоталитарлық аймаққа жаңа серпін беріп, денесіне қан жүгіртуі ықтимал. Еуразиялық одақ КСРО-ның ыдырауына деген реакция.

Интеграцияның мәңгі еместігі, уақытша екендігі даусыз. Кез келген жағдайда Қазақстан одақтан шығуға құқылы. Интеграция ұлттық дамуымыздың сапасы мен бағытын белгілеуде маңызды рөл ойнамақ. Интеграция бізді Ресеймен ауыз жаласып», табақтас болуға емес, керісінше, оны жатсынып, одан итеріліп барып өзімізді, өз ұлттық жолымызды табуымызға көмектеспек.

Еуразиялық интеграцияның философиялық мәні, идеологиялық негіздері, экономикалық пайдасы жөнінде ақпарат аз. Еуразия одағы кеңестік өткенімізді пайымдауымыз үшін, одақ ішінде ысылып, күресу, нығаюымыз үшін керек. Ресей бұл одаққа халықаралық экономикадағы өз әлсіздігін түсінгеннен соң барып отыр. Өйткені Ресей үшін өз экономикасын күшейтудің бірден-бір тәсілі өз нарығын кеңейту. «Жаңа еуразияшылдық» Ресейдің ұлттық идеологиясы ма, әлде Мәскеудің ұлтшылдықтан бастартуының көрінісі ме деген сұрақтың жауабы әлі жоқ. Қазақстанның интеграция барысын сынауы, даусының қаттырақ шыға бастауы интеграция келешегінің дамып жатқанын да, белгісіздігін де көрсетеді. Қалай десек те, интеграцияның қайшылықтар мен сәйкессіздіктер негізінде құрыла алмайтынын есте сақтау керек. Интеграция теорияларында діні, менталитеті, нәсілі бөлек елдер тең одақ құрмағанын ескерсек, аталмыш одақтың фундаменталды мәселелерінің болғанын да ұмытпаған жөн.

Одақтың жылдам қарқын алуы, саясилануы, қазақстандық тауарларға жасанды бюрократиялық кедергілердің жасалуы көп сыналды. Қазақстан үшін интеграцияның саяси пайдасынан бөлек экономикалық маңызы басым болуы тиіс. Қазақстан үшін пост-кеңестік елдер кейбір шикізаттық емес тауарларын сата алатын жақын, таныс және түсінікті нарық. Қазақстанның экономикалық интеграцияда өз есесін жіберуінің себебі келіссөз жүргізетін мәмілегерлеріміздің ұлттық мүдделерімізді соңына дейін қорғаудағы кәсіби принципсіздігі. Мұндай жайт Қазақстан үшін үлкен шығын әкеледі. Бұл интеграциялық одақ небары 10-20 жыл өмір сүруі де ықтимал. Өйткені, еліміз дүниежүзілік сауда ұйымына кірген соң халықаралық экономикалық нарықта еркін бәсеке түсетіндіктен еуразиялық интеграцияның шектеулі экономикалық маңызы едәуір төмендеуі мүмкін.

Қазақстанның еуразиялық экономикалық одаққа кіруі Ресейден бір нәрсе үйрену үшін бе, әлде Ресеймен бәсекелесу үшін қажет пе? Интеграциялық одақта экономикалық жағынан ұту үшін қазақ экономикасы Ресейдікін тиімділігі және инновациялығы жөнінен басып озуы шарт. Бұл – тым кешенді инновациялық міндет. Қазақстан мен Ресейдің экономикалары бір-бірін толықтырудан гөрі, бір-бірімен бәсекелес болып табылады.

Интеграцияға қатысты сынның айтылуы экономикалық одақтың жұмыс істей бастағанын білдіреді. Саудада күрделі теңсіздіктер, кедендік сәйкессіздіктер мен техникалық түйткілдер бар. Мысалы, солардың кесірінен

Қазақстанның экспорты 4%-ға (7 млрд АҚШ долл.) азайып, импорт көлемі 17 млрд долларға өскен. Бірқатар техникалық, санитарлық, лицензиялық ережелердің қайшылығынан қазақстандық кәсіпкерлер зардап шекті. Яғни қазақ тарапы интеграцияның сапасына көңіл бөлуді талап етеді. Еліміздің ет, сүт, арак, машина сияқты тауарлары Ресейдің нарықтарында кедергілерге тап болуда. Қазақстанның интеграцияға қатысуы оның басқа халықаралық ұйымдар мен блоктарға кіруіне кедергі болмайды. Сондай-ақ шекара, миграциялық саясат, қорғаныс пен қауіпсіздік, денсаулық, білім мен ғылым, мәдениет сияқты салаларға еуразиялық экономикалық комиссия араласа алмайды. Десек те еуразиялық одақты үлкен саясат пен геосаясаттан бөлу мүмкін бе? Мысалы, Н. Назарбаев Арменияның кедендік одаққа кіруі жөнінде Таулы Қарабақ мәселесін қозғап, өзінің халықаралық саясаттағы беделін тағы бір көтеріп қойды.

Одақтың философиялық астарына келсек, «Мәңгілік ел» сияқты тарихи идеологияны орнықтырып отырған Қазақстан мәңгі одақтың болмайтынын, мәңгі ұлттық мүдденің ғана болатынын ұмытпауы керек. Еуразиялық одақтың философиялық негізін орыс және түркі халықтарының тарихи, географиялық, мәдени жақындығы құрайды. Еуразиялық теория үстіртін көзқарас немесе жүйесіз ұғымдар жүйесі емес, керісінше, саясатта жүзеге асып жатқан күрделі геосаяси-интеграциялық жоба. **Қазақстанның Еуразиялық одақтағы алатын орны еліміздің экономикалық дамуына тікелей байланысты болмақ. Олай болмаса, еліміз Ресейдің ықпалындағы, жартылай тәуелді елге айналуы ықтимал. Біздіңше, Қазақстан геосаяси ақкөңілділікке берілмей тек өзінің ұлттық саясиэкономикалық, мәдени мүддесін ойлауы тиіс.**

ОАО ұйымы оған Тәжікстан мен Түркіменстан кірмейінше, аймақтық бірлестік ретінде толыққанды жұмыс істей алмады. 1995 жылы 15-16 қыркүйекте Ташкентте көптеген мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысқан Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша халықаралық семинарда Тәжікстан Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Е.Рахматуллаевтың мәлімдемесі маңызды болды. ол Қазақстанға, Өзбекстанға және Қырғызстанға көңілі толмайтынын былайша білдірді: «... біз Қазақстанның, Қырғызстанның және Өзбекстанның нақты экономикалық интеграцияға, осы жолдағы кез келген шамадан тыс кедергілерді жоюға бағытталған қадамдарын құптаймыз және толық қолдаймыз. . Алайда Тәжікстан сияқты елді бұл үдерістен жасанды оқшаулау және шеттету – бұл аймақтың объективті процестері мен шындықтарына сәйкес келмейтін әрекет».

Тәжікстанның ОАЭО-ға қосылуға құлықсыздығын әртүрлі түсіндіруге болады, бір жағынан, Тәжікстан аймақтағы барлық басқа мемлекеттер түркітілдес тұратын жалғыз парсы тілді мемлекет, екінші жағынан, азаматтық соғыс болды. сол кездегі Тәжікстанда және осы одаққа кіру қауіпсіздік тұрғысынан жалпы аймаққа кері әсерін тигізуі мүмкін. Басқа елдер лаңкестік және экстремистік топтардың экспорты, үкіметтің жағдайды бақылауға қабілетсіздігі, елдің исламдық немесе зайырлы болуының

белгісіздігінен қорқуы мүмкін, бұл аймақ елдерінің бейбіт қатар өмір сүруін нашарлатады.

Соған қарамастан Тәжікстандағы азамат соғысының аяқталуымен 1998 жылы 5-6 қаңтарда Ашхабадта Орталық Азия елдерінің бес президентінің кездесуі өтті. Отырыстың негізгі күн тәртібі Тәжікстанның CAPS-ке қосылуын мақұлдау болды.

ОА елдерінің экономикалық интеграциясы жолындағы келесі кезең ОАО-ны Орталық Азия ынтымақтастық ұйымына (ОАО) айналдыру болды, бұл аймақ ішіндегі қарым-қатынастарды одан әрі тереңдете түсті және аймақ елдері арасындағы барлық кедергілерді жоюға ұмтылды.

2001 жылы желтоқсанда Ташкентте Орталық Азия елдері президенттерінің кездесуі өтіп, онда Өзбекстан Президенті И.Каримовтың ОАО-ны Орталық Азия ынтымақтастық ұйымына (ОАО) айналдыру туралы ұсынысы қолдау тапты. ОАК құру туралы келісімге 2002 жылы 28 ақпанда Алматы қаласында қол қойылды. Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан келісімге қатысушылар болды. Жаңа ұйымның кеңейтілген мақсаттары мен міндеттері болды. Қатысушы елдер ОАО аясында бұрын қабылданған келісімдер мен шешімдердің сабақтастығын қамтамасыз етуге келісті.

Бірақ жаңадан құрылған ұйым келесі кезеңге өте алмады, дамудың баяулауы сыртқы факторлардың әсерінен болуы мүмкін. 2001 жылдың 11 қыркүйегінде халықаралық қатынастарда жаңа дәуір – Ауғанстандағы операция басталып, Орталық Азия елдері Батыс үшін де, Ресей үшін де маңызды серіктеске айналды. Неғұрлым ойластырылған таңдаулар жасау керек еді. Екі жылдан кейін, 2004 жылдың 16 қазанында тарихи оқиға болды - Ресей ОАК-қа ресми түрде қосылды, бұл ОАК түсінігі мен мағынасын бұрмалады. Бір жылдан кейін 2005 жылғы 6-7 қазанда Санкт-Петербургтегі Константиновский сарайында өткен ОАК-қа мүше мемлекеттер басшыларының саммиті кезінде Ресей президенті Владимир Путин ОАК-ті ЕурАзЭҚ-қа біріктіру туралы бастама көтерді. , мұны ОСАС қызметінің басқа салаларында қайталанатын функцияларды жою арқылы дәлелдейді.

Бұл саммитке қатысушылар В.В.-ның ұсынысын бірауыздан мақұлдады. Путин. 2006 жылғы 25 қаңтарда Санкт-Петербургте өткен ЕурАзЭҚ мемлекеттері басшыларының кезекті отырысында ОАК-ны таратуға қажетті барлық формальдылықтар келісілді.

Өзбекстанда Шавкат Мирзиёев билікке келгеннен кейін Орталық Азия елдері арасындағы қарым-қатынастың жаңа кезеңі басталды. Өзбекстанның жаңа үкіметі көршілермен жақындасу мен қарым-қатынасты жақсарту, достық және тату көршілік қарым-қатынас орнату бағытын белгіледі. Ел іс жүзінде әлемнен оқшауланған Каримов режимінің дәуірі аяқталды. Аймақ елдері арасындағы диалогтың қайта жандануының ең маңызды факторлары және аймақ елдері басшыларының жоғары деңгейде кездесулеріне себеп болған Өзбекстандағы билік пен саяси ахуалдың өзгеруі болды.

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының бірінші консультативтік кездесуі. 2018 жылғы 15 наурызда Астанада Орталық Азия мемлекеттері

басшыларының жиырма жылдық үзілістен кейін бірінші консультативтік кездесуі өтті. Бұл кездесудің маңыздылығы оның форматында болды – Орталық Азия елдерінің басшылары алғаш рет үшінші тараптардың қатысуынсыз бас қосты. Кездесуге президенттер Шавкат Мирзиёев, Нұрсұлтан Назарбаев, Сооронбай Жээнбеков, Эмомали Рахмон және Түркіменстан Мәжілісінің төрағасы Ақжа Нұрбердиева қатысты. Қазақстан Президенті мұндай кездесуді өткізудегі Шавкат Мирзиёевтің ерекше ролін, сондай-ақ кездесу уақытын атап өтті: «Біздің кездесуіміздің халықтарымызға ортақ Наурыз мерекесі қарсаңында өтіп жатқаны өте символикалық мәнге ие», - деді.

Президент Н.Назарбаев та бұдан былай «Орталық Азияның проблемаларын үшінші тарапсыз өз күшімізбен шешеміз» деп мәлімдеді. Соған қарамастан ол негізгі серіктестер – Ресей және Қытаймен ынтымақтастықты ұмытпауға шақырды.

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының екінші консультативтік кездесуі. 2019 жылғы 29 қарашада Ташкентте Орталық Азия мемлекеттері басшыларының екінші Консультативтік кездесуі өтті.

Саммитке Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қазақстанның бұрынғы Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, Қырғызстан Президенті Сооронбай Жээнбеков, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон және Түркіменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов қатысты. Мәжіліс депутаты Ақжа Нұрбердиевтің өзі емес, бірінші отырысында «сенсациялық» болды.

Бұдан кейін мемлекет басшылары шағын құрамдағы кездесу өткізді. Кездесуде Шавкат Мирзиёев сөз сөйлеп, мұндай кездесулердің маңыздылығына тоқталып, Орталық Азиядағы көпжақты ынтымақтастықтың ортақ көзқарасын келісудің өзекті мәселесіне назар аударды. Өзбекстан басшысының айтуынша, экономикалық байланыстарды қалпына келтіріп, жолға қойып, аймақтан инвесторлар үшін кедергілерді жою қажет, сонымен қатар ол осы мақсатта Ташкентте Орталық Азия елдерінің инвестициялық форумын ұйымдастыруды ұсынды, бұл жағдайды жақсартуға катализатор бола алады. жалпы аймақтың экономикалық климаты. Ш.Мирзиёевтің аймақтық интеграция жолындағы тағы бір ұсынысы – тартымды аймақтық туристік өнімдері бар Орталық Азияда танымал бірегей туристік бренд құру болды. Саммит қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдеме қабылданып, консультативтік кездесулерді дайындау және өткізу ережесі бекітілді.

Түрікменстан Президентінің ұсынысы бойынша мемлекет басшылары бірауыздан Қазақстанның бұрынғы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесуінің құрметті төрағасы етіп сайлады.

Осы кездесудің нәтижесінде Эмомали Рахмонның 2003 жылдан бастап халықаралық және «Таза және ауыз суға» арналған аймақтық іс-шаралар өткізіліп, оның бастамасымен БҰҰ «Тұрақты даму үшін су» халықаралық іс-қимыл онжылдығын жариялады.

Аймақтағы интеграциялық үдерістерге кедергі келтіретін себептер мен факторлар. Жоғарыдағы хронология аймақтағы интеграциялық идеялардың көтерілгенін меңзейтін сияқты. Бірақ іс жүзінде не болады? Тәжірибе жүзінде Орталық Азия елдері тәуелсіздік алғаннан бері ішкі жағынан көп өзгерген жоқ. Олар әлі де өз астаналарында максималды билікті сақтауға назар аудара отырып, өздерінің ұлттық режимдерін құруда. Біз ешқандай ұлттан жоғары державалар туралы айтып отырған жоқпыз. Экономикалық тұрғыда Орталық Азия елдері де ерекше серпіліс жасаған жоқ – олардың шикізат экспорты алыс шет елдерге кетіп, жаңа аймақтық өндірістер құрылмады. Бірақ онсыз да халықаралық фонның нашарлауы қайтадан аймақтың интеграциясына қарсы болады.

Ресей аймақтың басты серіктесі ретінде халықаралық аренада күшейе түсуде, сонымен бірге оның қатысуынсыз кез келген интеграцияға үзілді-кесілді қарсы. Ресейлік саясаттанушы Аждар Куртов: «Саяси немесе экономикалық кез келген нысандағы барлық интеграциялық процестер мен бірлестіктер Ресейдің тікелей қатысуымен құрылуы керек және тек осылай ғана Орталық Азия аймағындағы тұрақсыздықты болдырмауға болады, әйтпесе АҚШ-тың қатысу қаупі артады, бұл өз кезегінде аймақ елдеріне өздерінің мінез-құлқы бағытын таңуға кіріседі.

Бірақ Ресейдің аймақта монополиясы жоқ. 2000 жылдан бастап Орталық Азия елдері Қытаймен тығыз қарым-қатынас орната отырып, бірте-бірте «тәуелсіз» ішкі және сыртқы саясат жүргізе бастады. Қытай төмен пайыздық мөлшерлемемен және арзан тауарлармен орасан зор гранттар мен несиелер ұсынып, Орталық Азия елдері үшін басты экономикалық серіктеске айналды.

Батыспен текетіреске түскен екі держава да Орталық Азия елдеріне өздерінің аймақтық жобаларын ұсынып отыр, бұл оларды тек өз бастамаларынан алшақтатады.

Әдебиеттер:

1. Fabrizio Vielmini. The Challenges of Eurasian Union for Kazakhstan. ISPI Analysis – Istituto per Gli Studi Politica Internazionale, Italia. No 151, January
2. Nargis Kazakhstan and Eurasian Economic Integration: Quick Start, Mixed Results and Uncertain Future. IFRI – Institut Français des Relations Internationales. Reports no14. – P. 31.
3. Таможенный союз и Единое экономическое пространство: проблемы экономической интеграции. Сборник научных трудов. КИСИ при Президенте РК. – Алматы, 2012. – 176 с.
4. Towards a Eurasian Union: Opportunities and Threats in the CIS IEMS Emerging Market brief. SKOLKOVO
5. Ernst & Young, 12-05. October, 2012. – P. 32.
6. Canat Mominkulov. Avrasya Birliđi ve Kazakistan. EkoAvrasya International Journal for Economic and Strategic Researches, April 2012. – No 18. – P.14-15.

